Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында карапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Алал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Көркемсөз Көркем сөз Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Бір шаңырақ астында"тақырыбы жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен танысу)	"Батырларға мың тағзым"тақырыбында әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Жеңіс күні" туралы тақпақтар, әндер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)		Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті (маманның жоспары бойынша) **1.Қазақ тілі** Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. .Дидактикалық ойын:«Қатты-ақырын-сыбырлап»	Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті (маманның жоспары бойынша) **5.Сауат ашу негіздері** Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. «Қарама-қарсы сөздер»	Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті (маманның жоспары бойынша) **9.Дене тәрбиесі (бассейн)** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **10.Көркем әдебиет** Шешендікке, сөз өнеріне		Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті (маманның жоспары бойынша) **17.Сауат ашу негіздері** Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. «Әріптер әлемі»

Scanned with CamScanner

	Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Ойын барысы: Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек **2.Математика негіздері.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, «Сиқырлы қалта» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. **3.Дене тәрбиесі** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша	Мақсаты:антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. **6.Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **7.Математика негіздері.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, «Неңің жұбы болады» дидактикалық ойыны. Мақсаты:Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту.	баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Дидактикалық ойын «Шыңжырға ертегілерді жинайық» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты:Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенін айтады. **11. Қазақ тілі** Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: шарлар. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар		Мақсаты:балаларды үйренген әріптерді қайталап дұрыс айта білуге дағдыландыру. Үлкен әріптен кіші әріпті айыра білуге үйрету. **18.Дене тәрбиесі** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **19. Сөйлеуді дамыту** Байланыстырып сөйлеу Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, «Не дыбыстайды?» Мақсаты: балалардың неңің қалай дыбыстайтынын білуі,айтуы керек. Ойын барысы: топта не дыбыстайтынын айтып беру. Сипаттау арқылы балалар не дыбыстайтынын табуы тиіс.

Scanned with CamScanner

			дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.		
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сыртқы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін камтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай колдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (карым-катынас іс-әрекеті)				
Серуен	Бақбақ гүлін бақылау (коршаған әлеммен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.	Жаңбырды бақылау. (коршаған әлеммен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көтеріліп теңізден, Биіктен қайта түскенде, Аспанға биік барамын. Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) Бақылау. жауынның азайғаны, жәй жауын, сокыр жауын болатындарын балаларға айтып түсіндіру.	Гүлзарды бақылау (коршаған әлеммен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). (еңбек дағдылары)		Найзағайды бақылау (коршаған әлеммен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: — «Найзагай» ұғымымен таныстыру; — Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік корларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады

Scanned with CamScanner

	Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». (дене тәрбиесі) Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты:- Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». (дене тәрбиесі) Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту. Ұлттық ойын: « Тақия тастамақ» Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту.	Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?» (дене тәрбиесі). Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Ұлттық ойын: «Көтермек» Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің аркасына көтеріп алуға тырысады.		- Аспанда от камшы осады, Ашы үнін ышқынып қосады. - Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай) Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару(еңбек дағдылары) Мақсаты: — Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». (дене тәрбиесі) Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру.

Scanned with CamScanner

					Ұлттық ойын: «Омпы» Мақсаты: Шеберлікке, мергендікке, батылдыкка, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу кабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, колды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, түскі асқа отыруы. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық кажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. Көркем сөз М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға карай жүреміз) Келе қалды балакан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Карады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жаксы, екі кол, (екі колын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған әлеммен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жаткан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, бесін асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық кажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау кажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Бата қайтару.				
Балалардың дербес әрекеті	**4.Көркем әдебиет.** Шешендікке, сөз	**8.Қоршаған әлеммен таныстыру.**	**12.Жапсыру**		**20.Қоршаған әлеммен таныстыру**

Scanned with CamScanner

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Дидактикалық ойын "Кімнің сөздері". Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты: Балаларға ертегі кейіпкердің сөзіне қарай, қандай кейіпкер және қандай ертегі туралы тауып айту керек. Мысалы:Бұл сөздерді қай ертегінің кейіпкері айтады: "Бер менің құйрығымды" (Мысық "Мақтақыз бен мысық" ертегісінен) Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көктем туралы тақпақты жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем	Жануарлар әлемі Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Сюжетті-рөлдік ойын "Театр". Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы доңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Түрлі түсті қағаздан «Мәңгілік алау» бейнесін жапсыру Ойын "Аналар мен қыздар". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		Жануарлар әлемі Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе

Scanned with CamScanner

	туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру.	жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. (коршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)	(коршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту)		эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар калыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Аянат,Сая,Әлиханмен Саусақ жаттығулары Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Уықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды)	Али,Асылым,Амирмен Дыбысты тап Шарты: Балаға белгілі бір дыбыс айтылады Бала сол дыбыстан басталатын сөздерді атайды	Имран,Руфина,Димашпен «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру:		Раяна,Алихан,Мұхаммедпен Дидактикалық жаттығу: «Кім көп айтады» доп арқылы Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдылыққа баулу.

Scanned with CamScanner

	Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. (сөйлеуді дамыту)		майдалау, сеуу, диқаншы, комбайн, элеватор, дірмен.		
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен	Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. **(қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**	Көгершіндер мен торғайларды бақылау.Мақсаты: құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу. **(қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Күннің көзін бақылау. Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу. **(қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		Аспанды бақылау. Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру. **(қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Құрастыру «Достық алаңы» Балаларды құрылыс материалдарынан ортақ ойын алаңын жасауға үйрету. Кеністікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, ойын)	Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен» Балаларға заттардың еңбектің нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету. (ойын «Дүкен»)	Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі» Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты көрсету.		Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, барлық адамдардың тең екенін түсіндіру. Бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (әңгімелесу, ойын)

Scanned with CamScanner

Балалардың үйіне қайтуы	Ата -аналармен 7 мамыр Отан қорғаушылар ертеңгіліне балалардың киімдері туралы сөйлесу	Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.		Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер
«08» «05» 2025-2026 о.ж
Жумагулова Ж.Т

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ-сі
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектепалды «Ақбота»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 11.05 - 15.05. Мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша айтаның дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күйің жоқ»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.05.2026	Сейсенбі 12.05.2026	Сәрсенбі 13.05.2026	Бейсенбі 14.05.2026	Жұма 15.05.2026
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Тукешова Райгуль, Бергазина Майра Айбековна,Каракулова Фарида Шалқарбекова, Махметова Салтанат Жумашевнаға "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Исаева Толганай Аманулласвна, Латиева Зерде Оңдасынқызымен Баланың қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру туралы әңгімелесу.	Дарьябаева Жанар Ырзабеккызы, Сильбаева Анар Нуртайкызына балаға ұялы телефонның зияны туралы кеңес беру	Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Муратова Мира Батырбеккызымен демалыс күндері бірге ойнауға, дамыту ойындарын қолдануға кеңес беру

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қайық". Мақсат-міндеттер: балаларды желкенді қайық мүсіндеуге үйрету; заттың жиектері мен бетін мұқият тегістеуді, шеттерін әсемдеуге үйрету. "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. (еңбек дағдылары)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Гүлденген өрік бұтағы". Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі гүлдеген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру. (шығармашылық дағдылары)	«Бағбандар мен гүлдер» Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар қурап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше бакка барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, қурап қалады. Бір шағын топ қурап қалған гүлдер, ал екіншісі қурап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады. (еңбек дағдылары,сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)	*Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».* Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдыска отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған галамшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. (зерттеу іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені /затсыз/ -Сапка тұру. -Шеңбер бойында жүру,жүгіру -Аяқ ұшымен,өкшесімен жүру, -Қатарға тұру. Жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ.аяқ арасы нық деңгейінде,қол белде. 1-2.Басты оң ықтан оңға айналдыру. 3-4. Басты оң ықтан солға айналдыру(5-6 рет				

Scanned with CamScanner

	2.Б.қ:аяқтары нық деңгейінде 1.Қолдары кеуде алдында,шынтақтары бүтілген,жұдырыққа түйілген.Осы күйінде қолдарын айналдару. (5-6 рет) 3.Б.қ.аяқ сәл ашық,қол белде 1.Сол аяқтың ұшына оң қолымызды тигізу, қалыпқа келу. 2.Дәл солай сол жақпен қайталау. (5-6 рет) 4. Б.қ.аяқты алшақ қою 1.Қол төменде,екі қолды жоғары көтеру 2. «Күнге қол созамыз»,б.қ.келу. (5-6рет) 5) Б.қ аяқ нық деңгейінде қол желкеде отырып тұру жаттығуы. (5-6 рет) 6) Б.қ. қол белде аяқты қатар қою 1 бір орында секіру 2 1,2,3 бір орында 4-шыр айналу. (5-6 рет) Б.қ: аяқты қатар қойып қол жанында, тыныс алу жаттығуы. 1. қолды жоғары көтеріп аяқ ұшына тұрып, дем алу. 2. қолды төмен түсіріп аякка толық тұрып дем шығару. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамакка толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Көркемсөз Көркем сөз Тамақтану әдебін, Жатка біздер біледіз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру).	"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)	Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)	Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекет		Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті	Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті	**13.Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның	Логопед маманның арнайы түзетім іс әрекеті

Scanned with CamScanner

		(маманның жоспары бойынша) **5.Сауат ашу негіздері** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қыска, ұзын, толқынды сызықтырды өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. "Дыбыстық қалпақшалар" Мақсаты: дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Ойынға 2 бала қатысады. Олар қоңыз бен қаздың бас киімдерін таңдайды. Түрлі-түсті қағаздан қылған жапырақтар мен гүлдер еденге жайылған. Оларда дауысты дыбыстарды білдіретін әріптер бар.дыбыска буын айту ұсынылады. "Әріптік бағдаршам" Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды берілген әріпке сөз таңдауға жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін, ептілігін, реакция жылдамдығын дамыту. **6.Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **7.Математика негіздері.** Таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген	(маманның жоспары бойынша) **9.Дене тәрбиесі (бассейн)** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **10.Көркем әдебиет** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық. «Интервью» Мақсаты: Балаларды "Менің қалам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, құрбыларымен сырласуға тәрбиелеу **11. Қазақ тілі** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. «Көктемдегі тіршілік» дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздер мен сөйлемді үйлесімді қолдануға үйрету. Сөйлеу қарқынын өзгерте білу ептілігін дамыту Тіл ұстарту жаттығуы	перспективалық жоспары бойынша **14.Математика негіздері** Таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. «Кеше, бүгін…» Мақсаты: ойын барысында «кеше, бүгін, ертең » туралы түсініктерін бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер, үш әртүрлі түсті үй. Ойын барысы: Топтық үш бұрышына үш үйдің суреттер орналастырылады. Балалар шеңбермен жүреді де тақпақ айтады (кез келген). Тәрбиеші: «Иә,иә,иә бұл кеше болған оқыға!» дейді. Сол кезде барлық балалар «кеше» үйіне барып суреттерін салады. Ойын жалғасады. «Керісінше айт» (жылдам-баяу) Мақсаты: Балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. **15.Сауат ашу негіздері** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қыска, ұзын, толқынды сызықтырды өз	(маманның жоспары бойынша) **17.Сауат ашу негіздері** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қыска, ұзын, толқынды сызықтырды өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. «Дымбілмеке жазуды бірге үйретеміз» Берілген тапсырмаларды орындау, қаламды дұрыс ұстау, орындықта түзу отыруға үйрету. Ұқыптылыкка баулу, әдемі жазуға машықтандыру. «Мен қандай дыбыстан басталамын?» дидактикалық ойыны. Берілген суреттерді атау, қандай дыбыс, дауысты, дауыссыз дыбыс екенін ажырату. **18.Дене тәрбиесі** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **19. Сөйлеуді дамыту** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. «Кітап бұрышында» Таныс ертегілерді қуыршақ театрынан

Scanned with CamScanner

		сенімділікті қалыптастыруға баулу. «Қуыршақка қонаққа дайындалуға көмектес» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей заттарды салыстыруға үйрету, білгенін бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі қағаз жолақтар. Ойын барысы: Қуыршақ қонаққа барғысы келеді. Оған әдемі бантик керек екен. Балалар қуыршаққа ең әдемі, ең ұзын лентаны табуға көмектеседі. Жолақтарды үстіне қою әдісі арқылы салыстырады. «Сандарды таны» Мақсаты: сандар туралы алған білімдерін бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: сіріңкенің қорапшарына жазылған 1 ден 10 ға дейінгі сандар реті.	Көктем туралы Тем – тем – тем, Көңілді көктем. Ыр – ыр – ыр, Жауады жаңбыр. Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай. Шек – шек – шек, Шығады бәйшешек. Ал –ал –ал, Төлдейді мал.	бетінше жазуға мүмкіндік беру. «Таяқшалардан әріптер жазайық» Таныс әріптерді құрастыру, ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту. **16.Сөйлеуді дамыту.** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Дидактикалық ойын: «Дұрыс айт» Мақсаты:Сөйлеу қарқынын өзгерте білу ептілігін дамыту. Жұмбақтар. Адамға серік, күзетке берік.(ит) Жүрегі бар, ізі жоқ, Қанатты бар, ұшпайды. Су астында қыстайды. (Балық) Мен атамнан қаштым, Мен әжемнен қаштым Таба алмадым атамды, әжемді.	сахналау.Сөйлеуін дамыту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. «Қоғамдық көлікте» сюжетті сурет бойынша әңгімелеу. Сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. «Кім дұрыс, кім бұрыс жасады» автобустағы іс әрекеттерді балалардың талдауы.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сырткы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Scanned with CamScanner

Серуен		**Бақылау.** Ойын алаңындағы гүл бағын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Гүл бағы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны гүл көшеттерін отырғызуға дайындау тілегін тәрбиелеу. **Еңбек.**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл - қозғалыс ойындары:** "Үйіндағы түлкі", "Допты көрсет". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Құстар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.	**Бақылау.** Көктемгі ауа райы ерекшелігін бақылау. бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбеккорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Жапалақтар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Келесі кім?" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)	**Бақылау.** Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскені қоқыстан тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. **Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін жұмсап жетуді үйрету.** **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Желден жылдам", "Кім жоғары?"(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	**Бақылау.** *Топ ойын* ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Алыптар мен құртақандар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". (дене тәрбиесі)

Scanned with CamScanner

			Мақсат-міндеттер. Балаларға дәпті қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру.		Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, колды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған әлеммен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқы ашуға жаттығулар. Алаканды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар).Математика негіздері –коммуникативтік,танымдық, еңбекәрекеті (кезекшілердің әрекеті) Бата беру. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**8.Қоршаған әлеммен таныстыру.** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Қазақстанда тіршілік ететін жануарлар әлемі туралы әңгімелеу. Фотоальбомнан жануарлар әлемі. Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ	**12.Мүсіндеу** Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұтырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшелік терін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу. «Құмырсқа» ермексаздан сопақша, жіңішкелеп дене мүшелерін үлгі бойынша мүсіндеу. Құмырсқаның еңбеккорлығы туралы әңгімелеу. Серуен кезінде құмырсқаларды бақылау. «Ұлттық ойын – ұлт қазына»: «Орамал тастамақ» Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді.Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол олең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын.Қаржылық сауаттылық. "Ойыншықтар" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, каражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, каражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын	**20.Қоршаған әлеммен таныстыру** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Балабақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. Аттарын, құрылысына, ерекшеліктерін айту. Сұрақтарға толық жауаптар беру. «Ұлттық ойын – ұлт қазына»: «Теңге ілу» Мақсаты:Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы

Scanned with CamScanner

		халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	керек.Ойын осылай жалғаса береді. Мақсаты: ұлттық ойынға сүйіспеншілікке, құрметтеуге, қимыл-қозғалыстарын дамыту.	атып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	достықты сезіне білу дағдысын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс		Руфина,Имран, "Не өзгерді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы.5 түрлі Бірнеше ойыншықтарды қатарға қойып, орынын ауыстырылады.Бастапқыдағы реті бойынша орналастыру ұсынылады. (танымдық іс-әрекет)	Амир,Алиханмен "Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. (жапсыру)	Димаш,Али, Аянатпен Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер.. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды	Мұхаммед,Әлихан, Раянамен Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен		Қоршаған ортаны қарап, бақылау, әңгімелеу.Сөйлеуді дамыту коммуникатив тік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі	Топ ойын алаңын бақылау. Әңгіме құрау Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене тәрбиесі - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі	Серуен кезінде жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Серуен кезінде жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Scanned with CamScanner

Кешікі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару,	Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу,	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен катты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттау	Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
Балалардың үйіне қайтуы		Кеңес. «Балаңыз мектепке дайын ба?»	«Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?».	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	Кеңес беру. «Бала мен ата-ананың демалысының түрлері».

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер
« 15 » « 05 » 2025-2026 о.ж
Бисенгалиева М.Д.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ-сі
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектепалды «Ақбота»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 18.05 -22.05.Мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі:«Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек,бірлікті ойлау үшін тірлік керек»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.05.2026	Сейсенбі 19.05.2026	Сәрсенбі 20.05.2026	Бейсенбі 21.05.2026	Жұма 22.05.2026
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Муратова Мира Батырбекқызы, Сильбаева Анар Нуртайкызына Баланың көңіл күйін бақылап, қажет жағдайда қолдау көрсетіңіз. Оның көңіл күйін сұрап, жайлы әңгіме құрыңыз	Исаева Толганай Амануллаевна, Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевнамен Баланың қажетті заттарының (киім, аяқ киім) толық болуын қадағалаңыз.	Махметова Салтанат Жумашевна, Кенжебаева Айгуль Сандигалиевнамен Кеңес:Баланың сыртқы келбетіне мән беріңіз (таза, ұқыпты киіну, шашының реттелуі). Киімінің ауа райына сай болуын қадағалаңыз.	Бергазина Майра Айбековна, Каракулова Фарида Шалкарбекова, Дарьябаева Жанар Ырзабекқызына Кеңес: Баланың уақытында келуін қамтамасыз етіңіз, күн тәртібін сақтауға үйретіңіз.	Қартанова Нұргүл Әбдіхалықкызы ,Латиева Зерде Оңдасынқызы, Тукешова Райгульмен Тыныш ойын немесе кітап оқу ұйымдастырыңыз. Баламен бірге кітап оқып, суреттерін талқылаңыз немесе үстел ойындарын ойнаңыз.

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шығармашылық әрекет – «Ертегіні жалғастыр» Шарты: Тәрбиеші ертегінің басын айтады, бала өз ойымен жалғастырады. (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)	Эксперименталдық әрекет – «Су мен тас» Шарты: Бала суға әртүрлі заттарды салады (тас, қағаз, пластик). Қайсысы батады, қайсысы батпайды – бақылап айтады.	Еңбек әрекеті – «Тазалық сақшысы» Шарты: Бала ойыншықтарды орнына жинайды, үстелді реттейді.	Қимыл әрекеті – «Жүгір де, жеткіз» Шарты: Бала белгілі жерден зат алып, белгіленген орынға жүгіріп жеткізеді.	Бейнелеу әрекеті – «Менің отбасым» Шарты: Бала өз отбасының суретін салады және кім екенін айтып береді.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүтілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүтілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аягына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге аркасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүтіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аягын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Көркемсөз Көркем сөз Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балакай,				

Scanned with CamScanner

	Асыр салып ойнасын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
